



Автор: УТАРБАЕВ САМАТ МИНДАГАЛИЕВИЧ

Пән: География

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Физикалық география/Литосфера

Тақырып: □ Литосфераның құрылысы мен заттық құрамын атау.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	□ Литосфераның құрылысы мен заттық құрамын атау.
Сабақтың мақсаты:	□ Литосфераның құрылысы мен заттық құрамын атау.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтау үшін топпен жұмыс істейді (айтылым, тыңдалым, жазылым дағдылары) дамытады. Пән бойынша сөздер мен терминдер: Литосфера, магмалық, шөгінді, метаморфтық қима (профиль), материктік, мұхиттық, жер қыртысы. Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер (айтылым және жазылым дағдылары) Геохронологиялық кестені сипаттаңыз. Қандай өзгерістер пайда болды? Осы өзгерістер неден пайда болды?
Бағалау критерийлері:	Литосфера, оның құрылымы, құрамы туралы түсінік бере алады. Суреттер мен сызбалар арқылы мұхиттық және материктік жер қыртысының айырмашылықтарын ажырата алады.
Құндылықтарды дарыту:	Барлығына тең құқықтар мен мүмкіндіктер туғызу, үздіксіз білім алу. Оқушының бойына құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, еңбек және шығармашылық, өмір бойы білім алу құндылықтарын дарыту
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта, интернеттен бейнефильм.
Пәнаралық байланыс:	Химия, биология
Бастапқы білім:	Оқушылар «литосфера», «мұхиттық және материктік жер қыртысы», «геохронологиялық кесте» түсініктерін білу қажет.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (01-05мин)	I.Психологиялық ахуал тудыру: А. Амандасу арқылы бір-біріне сәттілік тілеу. Б. Тау жыныстары бойынша «Сандар» әдісі арқылы 3 топқа бөліну /шөгінді, магмалық, метаморфты/	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (7-30 мин)	II.Тақырыпқа шығу. Мұғалім жаңа сабақты оқушыларға бастау үшін бейнеролик көрсетеді. Бейнероликті көріп болған соң бұл арқылы не ойлайтындығы сұралады: □ Сіз бейнеролик арқылы не байқадыңыз? □ Жердің құрылымы қандай қабаттардан тұрады? Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, бүгінгі сабақтың тақырыбын анықтайды. Жұппенен өз ойларын бөліседі. Мұғалім оқушыларға сұрақтар қою арқылы, оқу мақсаттарын анықтауға жетелейді III. Оқушылардың іс-әрекеті. Жеке жұмыс. Қалыптастырушы жұмыс 1- тапсырма: Тірек-сызба арқылы «Жер қыртысының құрылысын» толтырыңыз. Берілген тапсырмада оқушылар тірек – сызба жұмысы арқылы білу, түсіну дағдысын қалыптастырады. Оқушылар жер қыртысының екі түрін ажыратып, жіктеп, тірек сызбаға жазу керек. (Материктік: шөгінді, гранит, базальт; Мұхиттық: шөгінді, базальт) Бағалау: Оқушылар жұппен парақтарын ауыстырып, бірін бірі, «+»және «-» таңбаларын көрсету арқылы бағалайды. Мұғалім оқушылардың біліміне қолдау жасап, өзектендіріп отырады. Картамен жұмыс: Мұғалім оқушыларға атлас карталарын аша отырып, жер қыртысында кең таралған элементтер, тау жыныстары мен минералдарды картадан қарастыруға жетелейді. Оқушылар топпен өз ойларын айтады. Келесі тапсырманы орындау үшін мұғалім оқушылардың назарын бейнематериалға аударады. Бейнероликті көріп болған соң мұғалім проблемалық сұрақ қояды: □ Материктер мен мұхиттық жер қыртысы арасындағы қандай ерекшеліктер бар? Топтық жұмыс. Қалыптастырушы жұмыс 2- тапсырма. Оқушыларға «Материктік жер қыртысы» және «Мұхиттық жер қыртысы» ұғымын талқылау ұсынылады, мәтінмен жұмыс істейді. Оқушылар материктік және мұхиттық жер қыртысы арасындағы ерекшеліктер жөнінде ұжымдық талқылау барысында идеялар тудыра алады. Топпен өз ойларын бөліседі, тыңдалым, айтылым дағдысын қалыптастырады. Бағалау: Оқушылар бір-бірінің топтарын «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағалайды. Жұптық жұмыс. Қалыптастырушы жұмыс 3- тапсырма. Венн диаграммасы арқылы мұхиттық және материктік жер қыртысының айырмашылығын анықтаңыз. Мұхиттық жер Ұқсастықтары Материктік жер қыртысы қыртысы Бұл жұмыста оқушылар мұхиттық жер қыртысы мен материктік жер қыртысының ортақ ұқсастықтарын анықтайды. Алдыңғы топпен жұмыс жасаған білімдерін қолдана алады. Жазылым дағдысын қалыптастырады. Бағалау: Оқушылар бірін бірі «Бас бармақ» тәсілі арқылы бағалайды.	Ресурстар 5e429780ccb69.png Image not found, type unknown құрылымы https://www.youtube.com/watch?v=VGjBpUobsCc /3 минуттық көрсетілім/ Презентация 6-7 сынып Атлас «Материктік жер қыртысы» және «Мұхиттық жер қыртысы» https://www.youtube.com/watch?v=k5jCt4uxtEo альтернатив ретінде /2 минуттық көрсетілім/ Флипчарт, маркер
Сабақтың соңы (30-35 мин)	IV. Рефлексия Оқушыларға стикер таратылады. Стикерге бүгінгі сабақта шеңбердің ішіне түсінгенін, жартылай түсінгенін немесе түсінбегені туралы және сабақтан алған әсерін жазады.	Стикер
Рефлексия (35-40 мин)	Оқушылар оқу мақсаттарын орындауда алдыңғы курстан алған білімдері негізінде, білім мен түсінік дағдысын қолдану дағдысымен жақсы ұштастыра білді. Дегенменде кейбір оқушыларда атлас картадан тау жыныстарының аттарын табуда қиындық туындағаны байқалды. Оқушылар жеке де жұппен де жұмыс жасағандары бір-бірінің ойын тыңдауға еркіндік берілді. Топта байланысқа бейімділік дағдылары жақсы болды. Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: Оқушылар мәтінмен жұмыс жасау арқылы ұжымдық талқылау барысында идеялар тудыра алды. 2: Оқушылар Венн диаграммасы арқылы мұхиттық және материктік жер қыртысының айырмашылығын анықтай алды, топпен жұмыс жасаған білімдерін қолдана алды. Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: Алдағы уақытта оқушылардың жазылым жұмыстарын барынша қадағалау керек 2: Оқушылардың айтылым дағдысына көңіл бөлу керек. Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет? Топпен жұмыс істеу барысында 2 оқушының топқа бейімдей алмауы байқалды. Кейін жанындағы серіктестері оларға флипчартқа сурет салдыру арқасында ол оқушылардың сурет салуға бейімділік танытқандары байқалды.	